

оқушысы А.Нұрболқызы және жартылай жетім 8а сынып оқушысы Д.Сатқан сауықтыру лагеріне жіберілді.

2022 жылдың 3-17 шілде аралығында “Балдәурен-Көкшетау” РОСО-на көп балалы отбасынан шыққан 8а сынып оқушысы С.Бауыржан және аз қамтылған отбасынан шыққан 9а сынып оқушысы А.Исатаев жіберілді.

“Бөбек” сауықтыру лагеріне 2022 жылдың 08-29 қыркүйек аралығында демалуға 5а сынып оқушылары Ж.Нұрлан мен А.Ибраим жіберілді.

2022 жылы Жалғансай орта мектебінің базасында желтоқсан айының 27 күні аудан әкімінің жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және әлеуметтік осал топ отбасыларының балалары үшін “Қош келдің, Жаңа жыл-Жаңа жылдық шырша” мерекесіне мектебімізден Б.Томанов және А.Қуангерей қатысып, балаларымызға мерекелік көңіл-күй сыйлап, тәтті сыйлықтар берілді, ал үйден оқитын оқушымыз Н.Нәсіпкалиге қыстық күртеше және қысқы етік берілді.

26 маусым - 11 шілде аралығында “Қазақстан геологі” емдеу пансионатына аз қамтылған отбасынан шыққан 9-сынып оқушылары Ш.Әміржан, М.Орынбай, Б.Дәуітқали, Т.Әміржан және 8-сынып оқушысы Н.Дулат барғалы отыр, сұраныстары берілді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Балтабаева Нұржаннат Балтабайқызы. Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығы орындалуы тиіс.

Орта білім беру ұйымдарындағы міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар: Орта білім беру ұйымдарының міндетті мектеп формасы оқытудың зайырлы сипатына сәйкес келеді. Мектеп формасының үлгісі, түсі классикалық стильде, бірыңғай түс гаммасында жасалады, үшеуден асырмай түстерді араластыруға рұқсат етіледі. Мектеп формасының түсі қалыпты және ашық емес түстерден таңдалады.

Мектеп формасы білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай енгізіледі. Мектеп формасы күнделікті, мерекелік және спорттық болып бөлінеді. Ұлдардың мектеп формасы: пиджак, жилет, шалбар, мерекелік жейде, күнделікті жейде, не түймелері бар немесе сыдырмалы тоқылған күрте/кардиган, поло жейде немесе тенниска (қысқы мезгілде: трикотаж жилет, водолазка). Ұлдарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады.

Қыздардың мектеп формасы: пиджак, жилет, юбка, шалбар, классикалық жейде, не түймелері бар немесе сыдырмалы тоқылған күрте/кардиган, поло жейде немесе тенниска (қысқы уақытта: трикотаж жилет, сарафан, водолазка). Қыздарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады.

Ұлдар мен қыздарға арналған спорттық форма спорттық костюмнен (спорттық шалбар, куртка, футболка), спорттық аяқ киімнен (крассовка, кеды) тұрады. Мектеп формасына түрлі діни конфессияларға қатысты киім элементтерін қосуға болмайды.